**Бекітемін**
**ЖШС «NURSULTAN 7777» балабақшасының**
**меңгерушісі ________________**
**А.Ж.Бүркімбаева**
**«____» ________ 2025 ж.**

**Аттестацияға дайындық, аттестаттау ұсыныстарын орындау жұмыс жоспары**

| № | Өткізілетін шаралар | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Педагог қызметкерлер (кезекті және мерзімінен бұрын) кесте бойынша аттестациядан өткізілетін Қағидалары және Ережелерімен таныстыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. № 83 (02.04.2024 жылдың №72) бұйрығына | 25 мамырға дейін | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| 2. | <u>Барлық аттестаттаудан өтетін педагогтарға:</u><br>Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:<br>1) Біліктілік тестілеуі;<br>2) эссе;<br>3) біліктілік бағалауы;<br>4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;<br>Біліктілік тестілеуінің нәтижесі – осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік тестілеуінен өткені туралы сертификат педагогтің жеке кабинетіне жолданады.<br>Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілетін уақыт – 30 минут. Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.<br>Біліктілік тестілеуінің нәтижелері бойынша педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) және біліктілік бағалауынан кейін одан әрі аттестаттау рәсімі жүргізіледі: Қағидалардың 3-тарауына сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.<br>Педагогтерді аттестаттау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:<br>- қала білім бөліміне; | Біліктілік тестілеуі білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде педагогтің өтінішіне сәйкес өткізіледі.<br>Эссе тестілеу аяқталған соң педагог жазады | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы<br>Сараптама кеңесі жылына екі рет (ағымдағы жылдың 5 мамырына және 5 қарашасына дейін)<br>Қалалық аттестаттау комиссиясы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы;<br>- egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш ұсынады.<br>Өтініш № 338 бұйрықпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес санаттың өту мерзімдері мен кезектілігін сақтай отырып беріледі.<br>«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметін қалалық білім бөлімі көрсетеді.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларының 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.<br>Аттестаттау комиссия қызметтің нәтижелерін кешенді талдамалық қорытындылау үшін ұсынылған материалдарды Қағидаларының 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтің портфолиосын Сараптама кеңесінің қарауына жібереді<br>Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін аттестаттау комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:<br>- өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;<br>- өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;<br>- «педагог» біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);<br>- өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді. | | Ағымдағы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін |
| 3. | Комиссияның шешімі Қағидаларының 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. | Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында жарияланады | Қалалық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының аттестаттау комиссиялары |